

Зейнеткерлерді әлеуметтік қорғау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 7 желтоқсандағы N 1027 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Тауарлар мен қызмет көрсетуге бағаның өсуіне байланысты және зейнеткерлерді әлеуметтік қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Зейнеткерлерді мемлекеттік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1992 жылғы 17 қыркүйектегі N 775 қаулысына қосымша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1992 жылғы 1 желтоқсаннан бастап жасы бойынша ең аз зейнетақының жаңа мөлшері белгіленгенге дейін жұмыс істемейтін зейнеткерлердің барлық санаттарына ай сайын 500 сом мөлшерінде бір жолғы төлем жүзеге асырылсын.

Аталған сома Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімімен белгіленген басқа бір жолғы төлемдерге қарамастан төленеді.

2. 1992 жылғы 1 желтоқсаннан бастап өзгенің көмегін қажет ететін зейнеткерлерге, оларға күтім жасалуына орай үстеме алатын, телефон желісінің абоненті болып табылатын және басқа санаттағы зейнеткерлерге жалғыздіктілерге белгіленген тарифтің 50 проценті мөлшерінде телефон пайдаланғаны үшін абоненттік төлем жөніндегі жеңілдік белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған жеңілдіктердің белгіленуіне байланысты Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігінің шығынын өтейтін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі